

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі N 591 Заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "жеке профилактикалық жұмыс", "Жеке профилактикалық жұмыс", "жеке профилактикалық жұмысты", "Жеке профилактикалық жұмысты" деген сөздер тиісінше "жеке профилактикасы шаралары", "Жеке профилактикасы шаралары", "жеке профилактикасы шараларын", "Жеке профилактикасы шараларын" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен.

Осы Заң кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік органдар қызметінің құқықтық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін айқындайды.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) әлеуметтік оңалту - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелері жүзеге асыратын өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағанды құқықтық, әлеуметтік, дене бітімі, психикалық, педагогикалық, моральдық және (немесе) материалдық жағынан қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені;

2) Алынып тасталды - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен.

3) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу (бұдан әрі - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы) - кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алуға, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған, кәмелетке толмағандармен, кәмелетке толмағандардың оларды тәрбиелеу, оқыту немесе бағып-күту жөніндегі міндеттерін орындамайтын не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін ата-аналарымен немесе басқа да заңды өкілдерімен, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартып жүрген өзге де адамдармен жеке профилактикасы шараларын қоса жүзеге асыратын құқықтық, педагогикалық және өзге де шаралар жүйесі;

4) кәмелетке толмағанды бағып-күту - кәмелетке толмағанның ата-анасының немесе басқа да заңды өкілдерінің оның толыққанды дамуы, оның

мүліктік және мүліктік емес құқықтары мен мүдделерін және мемлекеттік ең төмен әлеуметтік стандарттарды қорғау үшін жағдай жасауы;

5) кәмелетке толмағанды тәрбиелеу – балаға қоғамда қалыптасқан және оның рухани, дене бітімі, имандылық, психикалық, мәдени, зияткерлік жағынан дамуына және әлеуметтік ортаның теріс ықпалынан қорғауға бағытталған мінез-құлық ережелері мен нормаларын дарыту жөніндегі ата-анасының немесе басқа да заңды өкілдерінің, сондай-ақ мемлекеттік органдар қызметкерлерінің тарапынан оған әсер ететін үздіксіз процесс;

6) қадағалаусыз қалған бала – ата-анасының немесе олардың заңды өкілдерінің, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті оқыту, тәрбиелеу және өзге де мекеме педагогтарының, тәрбиешілерінің және басқа да қызметкерлерінің тарапынан оны тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі міндеттерді орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан не оның үйден немесе баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардан өз бетімен кетуі салдарынан мінез-құлқына бақылау болмаған кәмелетке толмаған бала;

7) қадағалаусыз қалу – кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін, олардың мінез-құлқы мен тұрмыс жағдайына тиісінше бақылаудың жоқтығымен сипатталатын әлеуметтік құбылыс;

8) Алынып тасталды – ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен.

9) панасыз қалған бала – тұрғылықты жері жоқ қадағалаусыз қалған бала;

10) тұрмысы қолайсыз отбасы – кәмелетке толмағандардың ата-анасы немесе заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың

мінез-құлқына теріс әсер ететін отбасы.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.10 N 176-IV, өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.04.29 № 272-IV; 01.04.2019 № 240-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы туралы заңдары

1. Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясат

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясат құқықтық саясаттың бір бөлігі болып табылады және ол кәмелетке толмағандар үшін құқықтық және әлеуметтік кепілдіктер жасау, кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалу профилактикасының жүйесін құрайтын органдар мен мекемелерді материалдық-техникалық, қаржылық, ғылыми-әдістемелік және кадрлармен қамтамасыз етуді қамтиды.

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік саясат:

- 1) заңдылық;
- 2) кәмелетке толмағандарға ізгілікпен қарау;
- 3) отбасын қолдау;
- 4) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы шараларын қолданудағы кешенділік;
- 5) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандармен жеке жұмыс жүргізу;
- 6) құпиялылық;
- 7) ғылыми негізділік;
- 8) жүйелілік принциптері бойынша жүзеге асырылады.

3. Мемлекеттік саясаттың мақсаты:

1) балалардың дене бітімі, зияткерлік, рухани және имандылық дамуына, оларды патриоттыққа, азаматтыққа және бейбітшілік сүйгіштікке тәрбиелеуге, сондай-ақ баланың қоғам мүдделерімен, мемлекет халықтарының дәстүрлерімен, ұлттық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерімен ұштасқан жеке басын тәрбиелеуге ықпал ету;

2) девиантты мінез-құлықты балаларды әлеуметтік оңалту және кәмелетке толмағандардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін қалыптастыру жөніндегі мақсатты жұмысты қамтамасыз ету;

3) кәмелетке толмағандармен жеке профилактикасы шаралары жүргізу үшін құқықтық негіздерді қалыптастыру;

4) кәмелетке толмаған баланың ата-анасымен және басқа да заңды өкілдерімен өзара қарым-қатынас жасау;

5) балаларды оқыту, тәрбиелеу, емдеу, спорт және өзге де мекемелерінің тиісті дәрежеде жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

6) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзғаны үшін жауапкершілікті белгілеу;

7) қызметі әлеуметтік тапсырыстар беру және Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес өзге де шаралар арқылы кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жөніндегі шараларды жүзеге асырумен байланысты коммерциялық емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау арқылы жүзеге асырылатын кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы болып табылады.

Ескерту. 3-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 05.07.2014 № 236-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

4-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері:

1) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз, панасыз қалудың және қоғамға жат іс-әрекеттердің алдын алып, олардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою;

2) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

3) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту;

4) кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру;

5) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тарту фактілерін анықтап, жолын кесу;

6) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жөніндегі заңды тұлғалардың қызметін үйлестіру болып табылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 176-IV Заңымен.

5-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік реттеу

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік реттеуді Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, орталық атқарушы органдар, сондай-ақ жергілікті өкілді және атқарушы органдар жүзеге асырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2011.07.05 [N 452-IV](#) (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

6-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалу профилактикасының жүйесі

1. Кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алу жүйесіне ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау органдары, халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіретін мемлекеттік орган, жергілікті өкілді және атқарушы органдар, кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар және өз құзыреті шегінде өзге де мемлекеттік органдар кіреді.

2. Ішкі істер, білім беру, денсаулық сақтау органдарында және жергілікті атқарушы органдарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жөніндегі жекелеген функцияларды жүзеге асыратын мекемелер құрылуы мүмкін.

3. Өзге ұйымдар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалу жағдайының профилактикасына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қатысады.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.01.18 [N 547-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-тарау. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің функциялары және өкілеттіктері

7-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары мен оны жүзеге асыру жөніндегі шараларды әзірлейді;

2) кәмелетке толмағандардың әлеуметтік қорғалу жүйесін айқындайды;

3) кәмелетке толмағандардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтау және қорғау, бала құқықтарын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын ұйымдардың желісін дамыту жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады;

4) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құрады;

4-1) Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның қызметі туралы үлгілік ережені бекітеді;

5) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

6) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 7-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 27.12.2019 № 294-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

8-бап. Жергілікті өкілді және атқарушы органдардың құзыреті

1. Жергілікті өкілді органдар өз құзыреті шегінде:

1) жергілікті бюджеттерді кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасына арналған шығыстар бөлігінде бекітеді және олардың атқарылуын бақылайды;

2) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың құрамын бекітеді;

3) Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету жөніндегі өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Жергілікті атқарушы органдар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы өз жұмысын жергілікті мемлекеттік басқару деңгейлеріне сәйкес және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген құзыреті шегінде ұйымдастырады.

3. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары:

1) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың дербес құрамын бекіту үшін тиісті мәслихаттарға ұсынады және олардың жұмысын ұйымдастырады;

2) өңірлік медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізеді;

3) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмысқа орналастыру және тұрмыстық жағдайын жасау, өзге де көмектер көрсету жөніндегі шараларды қолданады;

4) қызметтері кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы, жасөспірімдердің салауатты өмір салтын насихаттау, құқықтық сауаттылығын арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты коммерциялық емес және өзге де ұйымдарға ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетеді;

4-1) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен бейімдеу орталықтарында үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған кәмелетке толмағандарды, ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарды, өміріне немесе денсаулығына тікелей қатер төнген кезде қорғаншылық және қамқоршылық органы ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе оларды қамқорлығына алған басқа да адамдардан алып қойған кәмелетке толмағандарды, арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға алып келген қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды күтіп-бағады;

4-2) Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен арнаулы білім беру ұйымдарында он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды күтіп-бағады;

5) кәмелетке толмағандар үшін, оның ішінде бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын ұйымдардың әлеуметтік инфрақұрылымының қалыптасуын қамтамасыз етеді және олардың қызметтерінің мониторингін жүргізеді.

4. Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдары:

1) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялардың дербес құрамын бекіту үшін тиісті мәслихаттарға ұсынады және олардың жұмысын ұйымдастырады;

2) дербес медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізеді;

3) кәмелетке толмағандарға арналған әлеуметтік инфрақұрылымның қалыптасуына жәрдемдеседі;

4) өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жұмысқа орналастыру және оларға тұрмыстық жағдай жасау, өзге де көмек көрсету жөніндегі шараларды қолданады;

5) қызметтері кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы, жасөспірімдердің салауатты өмір салтын насихаттау, құқықтық сауаттылығын арттыру жөніндегі шараларды жүзеге асыруға байланысты коммерциялық емес және өзге де ұйымдарға ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсетеді.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.04.2019 № 240-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

9-бап. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар

1. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы саласындағы мемлекеттік органдар мен мекемелердің қызметін үйлестіруді қамтамасыз ететін тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады.

2. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі ведомствоаралық комиссия - Қазақстан Республикасының Үкіметі жанынан, ал облыстық, қалалық, аудандық - қалада, аудандық комиссиялар тиісті жергілікті атқарушы орган (әкімдік) жанынан құрылады.

3. Қажет болған жағдайда кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия аудан орталығынан едәуір қашықтықта орналасқан кент, ауыл, ауылдық округ әкімі жанынан құрылуы мүмкін. Кент, ауыл, ауылдық округ әкімі жанындағы кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның аудандық комиссияның құқықтары мен міндеттері болады. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі кенттік, ауылдық, ауылдық округтік комиссияны құру туралы шешімді облыс әкімдігі қабылдайды, ал оның дербес құрамын тиісті ауданның мәслихаты бекітеді.

4. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия төраға, төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері және хатшы құрамында құрылады. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің әкімі басқаратын кенттік, ауылдық комиссияны және ауылдық округ комиссиясын қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің орынбасары комиссия төрағасы болып табылады. Хатшы тиісті мемлекеттік органның аппаратында штаттық лауазымды атқарады.

5. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның құрамына тиісті мәслихаттардың депутаттары, ішкі істер, білім беру, мәдениет, денсаулық сақтау, әділет органдарының, жұмыспен қамту, қамқоршылық пен қорғаншылық мәселелері жөніндегі уәкілетті органның, кәмелетке толмағандардың арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасына мүдделі қоғамдық және өзге де ұйымдардың өкілдері кіреді.

6. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиялар өз құзыреті шегінде:

1) кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтардың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу, кәмелетке толмағандарды зорлық-зомбылықтан және қатыгездікпен қараудан, кәмелетке толмағандар арасындағы қоғамға жат әрекеттерден қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) мемлекеттік органдардың кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, оларды әлеуметтік оңалту жөніндегі қызметін жетілдіруге бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлейді;

3) баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдарда кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, күтіп-бағу жағдайларын бақылауды қамтамасыз етуге қатысады;

4) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының, сондай-ақ кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың жай-күйін зерделейді және осы мәселелер бойынша әлеуметтік зерттеулер жүргізуді ұйымдастырады;

5) баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдар желісін дамытуға жәрдем көрсетеді және олардың қызметінің мониторингін қамтамасыз етеді;

6) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасымен айналысатын органдар мен ұйымдардың оң жұмыс тәжірибесін жинақтап қорытады және таратады, оларға әдістемелік және практикалық көмек көрсетеді;

7) мүдделі мемлекеттік органдар басшыларының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру жөнінде жүргізген жұмыстары туралы есептерін тыңдайды және жетекшілік ететін мәселелер бойынша олардың арасында ақпарат алмасуды ұйымдастырады;

8) кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу мәселелері бойынша сотқа материалдар дайындауға қатысады;

9) қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінен босатылған не арнаулы білім беру ұйымдарынан және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарынан оралған кәмелетке толмағандарды жұмысқа және тұрмыста орналастыруда, сондай-ақ өмірлік қиын жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды әлеуметтік оңалту жөніндегі өзге де функцияларды жүзеге асыруда мүдделі органдардың қызметін үйлестіреді;

10) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың, кәмелетке толмағандарға қатысты зорлық-зомбылықтың және қатыгездікпен қараудың профилактикасы жөнінде жүргізілген жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды ұйымдастырады;

11) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі төмен тұрған комиссиялардың қызметіне мониторингті жүзеге асырады;

12) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі төмен тұрған комиссиялардың қызметін үйлестіреді.

7. Кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияларды құру тәртібі және олардың қызметін ұйымдастыру Қазақстан Республикасының заңдарымен айқындалады.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.10 [N 176-IV](#), 2010.12.29 [N 372-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 [№ 121-V](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 01.04.2019 [№ 240-VI](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Ішкі істер органдарының құзыреті

Ішкі істер органдары өз құзыреті шегінде:

1) осы Заңның [19-бабы](#) 1-тармағының 1) - 12) тармақшаларында аталған кәмелетке толмағандарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту, бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін олардың ата-аналарын немесе заңды өкілдерін анықтайды, есебін жүргізеді және оларға қатысты жеке профилактикасы шаралары жүргізеді;

2) кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар, қоғамға қарсы іс-әрекеттер жасауға тартатын не балаларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасайтын адамдарды, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын немесе тиісінше орындамайтын, не олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-аналары мен заңды өкілдерін, педагогтарды, тәрбиешілерді, оқу, тәрбие және кәмелетке толмағандарды қадағалауды жүзеге асыруға міндетті өзге де мекеменің басқа да қызметкерлерін анықтайды және оларды Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту жөнінде шаралар қолданады;

3) кәмелетке толмағандар жасаған немесе олардың қатысуымен жасалған қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы арыздар мен хабарламаларды белгіленген тәртіппен қарайды және оларға

итермелейтін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныстар енгізеді, олардың орындалуын бақылауды қамтамасыз етеді;

4) ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды мемлекеттік мекемелерге жіберуге немесе кәмелетке толмағандарды қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа алуды ресімдеуге жәрдемдеседі;

5) арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандарға қатысты материалдарды дайындауға қатысады;

6) пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандардың өмір салтына және мінез-құлқына бақылау жасауды қамтамасыз етеді;

7) балаларды тәрбиелеу, оқыту және бағып-күту бойынша өз міндеттерін орындамайтын және (немесе) олардың мінез-құлқына кері әсер ететін, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 74-бабының тәртібімен жазасын өтеу кейінге қалдырылған сотталған әйелдерге қатысты материалдарды дайындайды;

8) кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуы, құқық бұзушылықтары туралы және қоғамға жат іс-әрекеттері, оған итермелейтін себептер мен жағдайлар туралы мүдделі органдар мен мекемелерді хабардар етеді;

9) кәмелетке толмағандарды, олардың ата-аналарын және басқа заңды өкілдерін құқықтық тәрбиелеуде білім беру органдарына жәрдемдеседі;

10) он сегіз жасқа толмаған және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған адамдарды оқшаулау қажет болса, арнаулы мекемелерде ұстайды.

Қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмаған және қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған, сондай-ақ ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандар сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін ата-аналарына, оларды тәрбиелеу жөніндегі міндеттер заңмен жүктелген қорғаншыларына, қамқоршыларына және өзге де адамдарға беріледі;

11) кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына ішкі істер органдары қызметінің барысында ұсталған, үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған балаларды, сондай-ақ уақтылы орналастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда ата-анасының немесе оларды алмастыратын адамдардың қамқорлығынсыз қалған балаларды жеткізеді;

12) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.29 [N 372-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.01.18 [N 547-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2014 [№ 227-V](#) (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 [№ 58-VI](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.04.2019 [№ 240-VI](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары

1. Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтары (бұдан әрі – Орталық):

1) ата-аналарын немесе басқа да заңды өкілдерін анықтау үшін үш жастан он сегіз жасқа дейінгі қадағалаусыз және панасыз қалған;

2) уақтылы орналастыру мүмкіндігі болмаған жағдайда ата-аналарының немесе оларды алмастырушы адамдардың қамқорлығынсыз қалған, сондай-ақ олардың өміріне немесе денсаулығына тікелей қауіп төнген кезде қорғаншылық және қамқоршылық органы ата-анасынан (олардың біреуінен) немесе оларды қамқорлыққа алған басқа да адамдардан алып қойған;

3) арнаулы білім беру ұйымдарына жіберілетін;

4) әлеуметтік бейімсіздікке және әлеуметтік депривацияға әкеп соққан қатыгездікпен қарау салдарынан өмірлік қиын жағдайда жүрген кәмелетке толмағандарды қабылдауды және уақытша ұстауды қамтамасыз ететін, білім беру органдарының қарамағындағы ұйымдар болып табылады.

2. Кәмелетке толмағандарды Орталыққа орналастыруға:

1) осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты – соттың қаулысы;

2) осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген кәмелетке толмағандарға қатысты – қорғаншылық және қамқоршылық органының қаулысы;

3) осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағанды жеткізген адамның өтініші негіздер болып табылады.

3. Түнгі уақытта, демалыс немесе мереке күндері, сондай-ақ өзге де ерекше жағдайларда кәмелетке толмағандар Орталық әкімшілігі актісінің негізінде Орталыққа орналастырылуы мүмкін, бұл туралы жиырма төрт сағат ішінде Орталық әкімшілігі прокурорды жазбаша түрде хабардар етеді. Кәмелетке толмағандарға қатысты материалдар оларды одан әрі ұстау не орналастыру туралы мәселені шешу үшін Орталыққа орналастырылған кезден бастап үш тәуліктің ішінде қорғаншылық және қамқоршылық органына ұсынылады.

4. Кәмелетке толмағандарды Орталыққа орналастыру үшін қажетті құжаттарды жинақтауды ішкі істер органдары немесе қорғаншылық және қамқоршылық органдары қамтамасыз етеді.

5. Кәмелетке толмағандардың Орталықта болу мерзімі үш айдан аспауға тиіс.

6. Кәмелетке толмағандардың Орталықта болу мерзіміне денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган жариялаған карантин кезеңі, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың ауруына байланысты стационарлық медициналық мекемеде болу уақыты кірмейді.

7. Орталыққа алкогольден, есірткіден немесе уытқұмарлықтан масаң күйдегі кәмелетке толмағандар, сондай-ақ психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарының (ауруларының) көріністері бар кәмелетке толмағандар орналастырылмайды.

7-1. Орталыққа қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның қаулысы бойынша орналастырылған кәмелетке толмағандар көрсетілген органның қаулысы негізінде ғана шығарылады.

8. Алып тасталды - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. 11-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 18.02.2014 № 175-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.04.2019 № 240-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

12-бап. Білім беру органдарының құзыреті

Білім беру органдары өз құзыреті шегінде:

1) арнаулы білім беру ұйымдарының және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының, сондай-ақ бала құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді жүзеге асыратын өзге де ұйымдар жүйесін дамыту жөніндегі шараларды жүзеге асырады;

2) кәмелетке толмағандардың жазғы демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады;

3) дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын кәмелетке толмағандарды анықтайды және есепке алады, олармен және олардың ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жеке профилактикасы шаралары жүргізеді;

4) кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыруға, олардың бойына имандылық пен салауатты өмір салтының берік негіздерін дарытуға бағытталған бағдарламалар мен әдістемелерді әзірлеп, білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесіне енгізеді;

5) дамуында немесе мінез-құлқында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандарды анықтайтын психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссияларды құрады, олардың кешенді түрде тексерілуін жүргізеді және оларды одан әрі оқыту және тәрбиелеу нысандарын анықтау жөнінде ұсыныстар әзірлейді;

6) девиантты мінез-құлықты кәмелетке толмағандарды, тұрмысы қолайсыз отбасыларын анықтауға, оларды ішкі істер органдарында есепке алуға және олармен жеке профилактикасы шаралары жүргізуге қатысады;

7) жалпы білім беретін оқу орындарында қол жетерлік спорт секцияларын, техникалық және өзге де үйірмелер, клубтар ұйымдастыруды қамтамасыз етеді және оларға кәмелетке толмағандарды тартады;

7-1) пробация қызметі әзірлеген әлеуметтік-құқықтық көмек көрсетудің жеке бағдарламасына сәйкес пробация қызметінің есебінде тұрған кәмелетке толмағандарға орта білім алуға көмек көрсетеді;

8) алып тасталды - ҚР 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

9) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде кезделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 12-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 13.06.2013 № 102-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.04.2017 № 58-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.04.2019 № 240-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

13-бап. Арнаулы білім беру ұйымдары

1. Арнаулы білім беру ұйымдары оқу-тәрбие немесе емдеу-тәрбие мекемелері болып табылады және әкімшілік жазалау шараларына әкеп соғатын құқық бұзушылықтарды жүйелі түрде жасайтын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім алудан қасақана жалтаратын, отбасынан және балалардың оқу-тәрбие ұйымдарынан үнемі кетіп қалатын, өзге де қоғамға жат іс-әрекеттер жасайтын он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және әлеуметтік оналту мақсатында құрылады.

2. Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына жіберудің орындылығы туралы шешімді қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органның арызы бойынша сот не ішкі істер органы қабылдайды. Алкогольдік ішімдіктерді, есірткі және психотроптық заттарды, сол тектестерді құмарлықпен салынып пайдаланатын кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына жіберу туралы мәселені қарау кезінде міндетті түрде оларға психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылығынан (ауруынан) емдеуден өтуді тағайындаудың орындылығы зерттеледі.

3. Кәмелетке толмаған бала арнаулы білім беру ұйымына бір айдан бір жылға дейінгі мерзімге жіберілуі мүмкін.

4. Кәмелетке толмағанның арнаулы білім беру ұйымында болуы оның кәмелеттік жасқа толуына байланысты, сондай-ақ мекеме әкімшілігінің не кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аумақтық комиссияның ұсыныстары негізінде арнаулы білім беру ұйымы орналасқан жердегі сот кәмелетке толмаған бала өзінің түзелуі үшін бұл шараны қолдануды бұдан әрі қажет етпейді деген қорытындыға келген жағдайда мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

5. Кәмелетке толмағандардың арнаулы білім беру ұйымдарында болуының сот белгіленген мерзімін осы баптың 2 және 3-тармақтарында белгіленген тәртіппен, тек қана мына жағдайларда:

1) кәмелетке толмаған адамның өтінішхаты негізінде, кәмелетке толмаған адамның жалпы білім беретін немесе кәсіптік даярлықты аяқтауы қажет болған, бірақ ол кәмелеттік жасқа толғанға дейін;

2) әкімшілік жазалау шараларына әкеліп соғатын құқық бұзушылықтарды жүйелі түрде жасаған, орта білім алудан қасақана жалтарған, арнаулы білім беру ұйымынан өз еркімен кетіп қалған, өзге де қоғамға жат іс-әрекеттер арнаулы білім беру ұйымы орналасқан жердегі сот ұзартуы мүмкін.

6. Арнаулы білім беру ұйымының тәрбиеленушісі қылмыстық жауаптылыққа тартылатын жасқа дейін қылмыс белгілері бар қоғамдық қауіпті әрекет жасаған жағдайда, ол осы Заңның 14-бабында белгіленген тәртіппен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына жіберілуі мүмкін.

7. Кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына жіберу туралы мәселені қарау кезінде прокурордың қатысуы міндетті болады.

8. Осы баптың 1-тармағында аталған кәмелетке толмағандарды анықтауды және есепке алуды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына орналастыру үшін қажетті құжаттарды жинауды қамтамасыз етеді.

8-1. Кәмелетке толмаған баланы арнаулы білім беру ұйымдарына жіберу тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде айқындалады.

9. Арнаулы білім беру ұйымдарының әкімшілігі:

1) кәмелетке толмағандарды бағып-күтудің, аталған мекеменің аумағын күзетуді, тәрбиеленушілердің жеке қауіпсіздігін және олардың теріс әсерден барынша қорғалуын, аталған мекеменің аумағына бөгде адамдардың еркін кіруін және одан тәрбиеленушілердің өз еркімен кетуін шектеуді, кәмелетке толмағандарды тәулік бойы, оның ішінде ұйқыға бөлінген уақытта қадағалау мен

бақылауды, кәмелетке толмағандардың өздерін, олардың заттары мен тынығатын бөлмелерін тексеріп қарауды қамтитын арнайы жағдайларын қамтамасыз етеді;

2) аталған мекеменің орналасқан жері бойынша және кәмелетке толмағандардың тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына олардың өз еркімен кетіп қалу фактілері туралы хабарлайды және оларды іздестіріп, қайтаруға тікелей қатысады;

3) кәмелетке толмаған баланы аталған мекемеден шығару туралы хабарламаны, сондай-ақ кәмелетке толмаған балаға мінездемені және онымен алдағы уақытта жеке профилактикасы шаралары жүргізудің, жұмысқа орналасуына және тұрмыстық жағдайын қалыптастыруға көмек көрсетудің қажеттілігі туралы нұсқауларды кәмелетке толмаған баланың тұрғылықты жеріндегі кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға олардың болу мерзімі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей жібереді.

10. Арнаулы білім беру ұйымдарына өздерін аталған мекемелерде бағып-күтуге және оқытуға кедергі болатын аурулары бар кәмелетке толмағандар орналастырылмайды. Мұндай аурулардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

11. Арнаулы білім беру ұйымдарын құру, қызметін ұйымдастыру тәртібі және оларда кәмелетке толмағандарды бағып-күтудің шарттары Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен осы ұйымдар туралы ережемен айқындалады.

12. Арнаулы білім беру ұйымдарын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.07.27 [N 320](#) (қолданысқа енгізілу тәртібін [2-баптан](#) қараңыз), 2009.07.10 [N 176-IV](#), 2010.11.23 [N 354-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 03.07.2014 [№ 227-V](#) (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 31.10.2015 [№ 378-V](#) (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі); 01.04.2019 [№ 240-VI](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 [№ 361-VI](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 [№ 75-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-бап. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары

1. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдары оқу-тәрбие немесе емдеу-тәрбие мекемелері болып табылады және кәмелетке толмағандарды тәрбиелеудің, оқытудың және әлеуметтік оңалтудың ерекше жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында құрылады.

2. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына тәрбиелеудің, оқытудың ерекше жағдайларын қажет ететін және арнаулы педагогикалық тәсілді талап ететін он бір жастан он сегіз жасқа дейінгі:

1) қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмауына не татуласуға байланысты өздеріне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру тоқтатылған, аса

ауыр қылмыстар немесе екі және одан көп қоғамға қауіпті іс-әрекеттер жасаған кәмелетке толмағандар;

2) олар ауырлығы орташа қылмыс немесе ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған және оларды сот Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 83-бабында көзделген тәртіппен қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босатқан жағдайларда, орналастырылады.

3. Қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмаған кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберудің орындылығы туралы шешімді ішкі істер органының ұсынысы бойынша сот қабылдайды.

Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмаған адамды ерекше режимде ұстайтын ұйымдарға жіберу туралы ұсынуды ішкі істер органдары көрсетілген кәмелетке толмаған адамға қатысты қылмыстық істі тоқтату туралы қаулы шығарылған күннен бастап отыз тәулік ішінде сотқа жібереді.

Ерекше жағдайларда бұл мерзім ішкі істер органы бастығының немесе прокурордың қаулысы негізінде отыз тәулікке дейін ұзартылуы мүмкін.

4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген материалдар оларды сотқа жіберу алдында кәмелетке толмаған балаға және оның заңды өкілдеріне танысу үшін ұсынылады.

Мүдделі адамдар көрсетілген материалдармен танысқандығы туралы ұсынылған материалда тиісті жазба жасайды.

5. Кәмелетке толмаған бала ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына алты айдан екі жылға дейінгі мерзімге жіберілуі мүмкін.

Кәмелетке толмаған баланы ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында ұстауға:

1) осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында аталған адамдарға қатысты – сот қаулысы;

2) осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында аталған адамдарға қатысты – сот үкімі негіз болып табылады.

Кәмелетке толмаған баланың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымында болуы адамның кәмелетке толуына байланысты, сондай-ақ егер ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымы әкімшілігінің ұсынысы негізінде сот кәмелетке толмаған бала өзінің түзелуі үшін осы шараны қолдануды бұдан былай қажет етпейді деген қорытындыға келген болса, мерзімінен бұрын тоқтатылуы мүмкін.

7. Кәмелетке толмаған баланың ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымында болуының сот айқындаған мерзімі осы баптың 3-тармағында белгіленген тәртіппен, тек қана мынадай:

1) кәмелетке толмаған адамның келісімімен не өтінішхаты бойынша, кәмелетке толмаған адамның жалпы білім беретін немесе кәсіптік даярлықты аяқтауы қажет болған, бірақ ол кәмелеттік жасқа толғанға дейін;

2) қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толғанға дейін қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған жағдайда ұзартылуы мүмкін.

8. Кәмелетке толмаған баланы ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу туралы мәселені қарау кезінде прокурордың қатысуы міндетті.

9. Кәмелетке толмаған баланы ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына орналастыру үшін қажетті құжаттарды жинауды ішкі істер органдары қамтамасыз етеді.

10. Осы баптың 2-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандарды ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінде айқындалады.

Осы баптың 2-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген кәмелетке толмағандарды жіберу тәртібі Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде айқындалады.

11. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының әкімшілігі:

1) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымының аумағын күзетуді, тәрбиеленушілердің жеке қауіпсіздігін және олардың теріс әсерден барынша қорғалуын, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымының аумағына бөгде адамдардың еркін кіруін және одан тәрбиеленушілердің өз еркімен кетіп қалуын шектеуді, кәмелетке толмағандарды тәулік бойы, оның ішінде ұйқыға бөлінген уақытта байқау мен бақылауды, кәмелетке толмағандардың өздерін, олардың заттары мен ұйықтайтын үй-жайларын тексеріп қарауды қамтитын кәмелетке толмағандарды ұстаудың арнаулы жағдайларын қамтамасыз етеді;

2) ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымының орналасқан жері бойынша және кәмелетке толмағандардың тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органдарына олардың өз еркімен кетіп қалу фактілері туралы хабарлайды және оларды іздестіру мен қайтаруға тікелей қатысады;

3) кәмелетке толмаған баланы ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымынан онда болу мерзімі аяқталғанға дейін бір айдан кешіктірмей шығару туралы хабарламаны, сондай-ақ кәмелетке толмаған балаға мінездемені және онымен жеке профилактикалық жұмысты одан әрі жүргізудің, оның жұмысқа

орналасуына және тұрмыстық жағдайын жасауға көмек көрсетудің қажеттілігі туралы ұсынысты кәмелетке толмаған баланың тұрғылықты жері бойынша кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияға жібереді.

12. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына өздерін көрсетілген ұйымдарда ұстауға және оқытуға кедергі болатын аурулары бар кәмелетке толмағандарды орналастыруға болмайды. Мұндай аурулардың тізбесін денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

13. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарын құру, олардың қызметін ұйымдастыру тәртібі және оларда кәмелетке толмағандарды ұстаудың шарттары Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы орталық атқарушы органы бекіткен осы ұйымдар туралы ережемен айқындалады.

14. Ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімді жергілікті атқарушы органдар қабылдайды.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.11.23 [N 354-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгерістер енгізілді - ҚР 03.07.2014 [№ 227-V](#) (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 [№ 233-V](#) (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 01.04.2019 [№ 240-VI](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 [№ 75-VII](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

14-1-бап. Кәмелетке толмағандарды арнаулы мекемелер мен ұйымдардан шығару (босату) негіздері

1. Кәмелетке толмағандар арнаулы білім беру ұйымдарынан мынадай жағдайда:

- 1) сот айқындаған мерзім өткенде, осы мерзім өткен күні;
- 2) кәмелеттік жасқа толған күні мерзімінен бұрын;
- 3) егер мекеме әкімшілігінің не кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аумақтық комиссияның ұсынуы негізінде сот кәмелетке толмаған адам осы шараның одан әрі қолданылуын қажет етпейді деген түйінге келсе, соттың тиісті шешімі келіп түскен күні, ал егер соттың шешімі жұмыс күні аяқталғаннан кейін алынса, онда келесі күні, мерзімінен бұрын;
- 4) кәмелетке толмаған адам ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымына жіберілгенде;
- 5) осы Заңға сәйкес кәмелетке толмаған адамның осы мекемеде болуы мүмкін болмайтын мән-жайлар туындағанда шығарылады.

2. Кәмелетке толмағандар ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарынан мынадай жағдайда:

- 1) сот айқындаған мерзім аяқталғанда;
- 2) кәмелетке толуына байланысты мерзімінен бұрын;
- 3) мерзімінен бұрын, егер сот мекеме әкімшілігінің немесе кәмелетке толмағандар істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі аумақтық комиссия ұсынысының негізінде кәмелетке толмаған осы шараны өзін түзеуге одан әрі қолдануды қажет етпейді деген қорытындыға келсе;
- 4) осы Заңға сәйкес аталған мекемеде кәмелетке толмағанның болуы мүмкін болмайтын мән-жайлар туындағанда шығарылады.

3. Кәмелетке толмағандар Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарынан мынадай жағдайда:

- 1) ата-аналары немесе басқа заңды өкілдері анықталғанда;
- 2) арнаулы білім беру ұйымдарына, ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарына орналастырылғанда;
- 3) балалар үйіне (интернатқа) орналастырылғанда;
- 4) сот үкімі заңды күшіне енгенде;
- 5) осы Заңға сәйкес аталған мекемеде кәмелетке толмағанның болуы мүмкін болмайтын мән-жайлар туындағанда босатылады.

Ескерту. Заң 14-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 [N 375-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2019 [№ 240-VI](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Денсаулық сақтау органдары

Денсаулық сақтау органдары өз құзыреті шегінде:

- 1) кәмелетке толмағандар, олардың заңды өкілдері арасында санитариялық-эпидемиологиялық білімді таратуды, сондай-ақ саламатты өмір салтын насихаттауды;
- 2) кәмелетке толмағандар арасындағы психикаға белсенді әсер ететін заттарды медициналық емес мақсатта тұтыну және осымен байланысты құқық бұзушылықтар профилактикасы жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді және іске асыруды;
- 3) заңды өкілдерінің қамқорлығынсыз қалған үш жасқа дейінгі адасқан, тастанды және басқа да балалардың тәулік бойы қабылдануын және бағып-күтілуін;

4) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің мемлекеттік органдары мен мекемелеріне, сондай-ақ кәмелетке толмағандардың заңды өкілдеріне консультациялық көмек көрсетуді;

5) алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық мас болу күйіндегі кәмелетке толмағандарды тәулік бойы қабылдауды және оларға медициналық көмек көрсетуді;

6) мінез-құлқында ауытқушылықтары бар кәмелетке толмағандарға Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес мамандандырылған диагностикалық және емдеу-қалпына келтіру көмегін көрсетуді;

6-1) кәмелетке толмаған адамға оның жеке басы туралы деректерді нақтылау және оны оңалту жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарды дайындау мақсатында оған әлеуметтік-психологиялық зерттеп-қарау жүргізуді;

6-2) қылмыстық қудалау органына және сотқа кәмелетке толмаған адамға жүргізілген әлеуметтік-психологиялық зерттеп-қарау туралы есепті (баяндаманы) ұсынуды және кәмелетке толмаған адамды әлеуметтік-психологиялық қолдау картасын жасауды;

7) белгіленген тәртіппен арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберілетін кәмелетке толмағандардың денсаулық жағдайы туралы қорытындылар әзірлеуді;

8) психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтары (аурулары) бар кәмелетке толмағандарды анықтауды, есепке алуды, зерттеп-қарауды және медициналық-әлеуметтік оңалтуды;

9) жыныстық жолмен берілетін аурулардың көздерін анықтауды, осындай аурулармен ауыратын кәмелетке толмағандарды тексеруден өткізуді және емдеуді;

10) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияларға кәмелетке толмағандар арасында психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылықтарының (ауруларының) таралуы, сондай-ақ осы бапта көрсетілген функцияларды жүзеге асыратын денсаулық сақтау мекемелерінің орналасқан жері, олардың қызметінің мүмкіндіктері мен нәтижелері туралы хабарлауды;

11) Қазақстан Республикасының заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруды ұйымдастырады.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.10 [N 176-IV](#), 2010.12.29 [N 372-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2014 [№ 236-V](#) (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 [№ 361-VI](#) (алғашқы ресми жарияланған

күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

16-бап. Халықты жұмыспен қамту саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіретін мемлекеттік орган

Халықты жұмыспен қамту саласында мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіретін мемлекеттік орган Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес кәмелетке толмағандардың еңбек шарттарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2007.05.15 [N 253](#) Заңымен.

17-бап. Әділет органдары

Ескерту. 17-бап алып тасталды - ҚР 2012.01.18 [N 547-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

18-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасына қатысушы өзге де мемлекеттік органдар

1. Мәдениет, ақпарат, дене шынықтыру, спорт және туризм органдары өз құзыреті шегінде:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 [№ 124-V](#) Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) қызметтері кәмелетке толмағандардың құқық бұзушылықтары, қадағалаусыз және панасыз қалуы профилактикасының шараларын жүзеге асыруға байланысты балалар мен жастардың қоғамдық бірлестіктеріне, әлеуметтік мекемелерге, қорларға және өзге де мекемелер мен ұйымдарға жәрдемдеседі;

3) кәмелетке толмағандардың демалысын, бос уақытын және еңбекпен қамтылуын ұйымдастыруға қатысады;

4) кәмелетке толмағандардың заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын және салауатты өмір салтын насихаттау мен қалыптастыру жөніндегі қызметті жүзеге асырады.

2. Қамқоршылық және қорғаншылық органдары өз құзыреті шегінде 19-баптың 1-тармағында аталған кәмелетке толмағандармен, егер олар жетім болса немесе ата-аналарының және басқа заңды өкілдерінің қамқорлығынсыз қалса, жеке профилактикасы шараларын жүргізуге қатысады.

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 03.07.2013 [№ 124-V](#) Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3-тарау. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жөніндегі қызметті ұйымдастыру

19-бап. Жеке профилактикасы шаралары

1. Жеке профилактикасы шаралары:

- 1) қадағалаусыз және панасыз қалған;
- 2) арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарында ұсталатын кәмелетке толмағандарға және олардың түлектеріне, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұсталатын;
- 3) адамның психикасына дене мүшесі функциялары мен мінез-құлқына кері әсерін тигізетін алкогольдік ішімдіктерді, есірткі құралдарын, психотроптық және өзге де күшті әсер ететін заттарды шамадан тыс пайдаланатын;
- 4) дәлелсіз себептермен жалпы білім беретін оқу орындарына бармайтын;
- 4-1) өздеріне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған;
- 5) әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған, сондай-ақ әкімшілік жауаптылықтан немесе тәрбиелік ықпал ету шаралары қолданыла отырып, тағайындалған әкімшілік жазаны орындаудан босатылған;
- 6) қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан немесе жазадан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде, оның ішінде рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде босатылған;
- 7) қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмауына байланысты немесе психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуының кешеуілдеуі салдарынан қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар іс-әрекеттер жасаған;
- 8) күзетпен қамауға алуға байланысты емес бұлтартпау шаралары таңдап алынған, қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп айыпталған немесе күдікті болған;
- 9) жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;
- 10) жазасын өтеу кейінге қалдырылған немесе үкімнің орындалуы кейінге қалдырылған;
- 11) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған;
- 12) ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасағаны үшін сотталған және сот тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шараларын қолдану арқылы жазадан босатқан;
- 13) шартты түрде, қоғамдық немесе түзеу жұмыстарына, бас бостандығынан айыруға байланысты емес өзге де жазалау шараларына сотталған кәмелетке толмағандарға қатысты жүргізіледі.

2. Егер кәмелетке толмағандардың ата-аналары, басқа да заңды өкілдері оларды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-қүту жөніндегі өз міндеттерін орындамаса, олардың мінез-құлқына теріс әсер етсе, оларға қатысты, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартып жүрген өзге де адамдарға қатысты да жеке профилактикасы шаралары жүргізіледі.

Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.10 [N 176-IV](#), 2010.11.23 [N 354-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2010.12.29 [N 372-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 03.07.2014 [№ 227-V](#) (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 [№ 233-V](#) (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2014 [№ 236-V](#) (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-1-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары олардың тарапынан жаңа құқық бұзушылық жасаудың алдын алу, сондай-ақ оларды жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою мақсатында кәмелетке толмағандардың құқықтық санасына және мінез-құлқына мақсатты түрде жүйелі әсер ету үшін қолданылады.

2. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары:

- 1) профилактикалық әңгімелесу;
- 2) құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс;
- 3) профилактикалық есепке алу және бақылау;
- 4) арнаулы білім беру ұйымдарына және ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу;
- 5) тәрбиелік ықпал ету шаралары;
- 6) қорғау нұсқамасы;
- 7) әкімшілік жаза қолдану;
- 8) сот үкімі бойынша қабылданатын шаралар;
- 9) медициналық-әлеуметтік есепке алу болып табылады.

3. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шаралары осы шаралар қолданылатын кәмелетке толмағандардың жеке ерекшеліктері және олар жасаған құқық

бұзушылықтың қоғамға қауіптілігінің сипаты мен деңгейі ескеріле отырып айқындалады.

4. Мүдделі адамдар кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шараларын қолдану туралы шешімге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасауы мүмкін.

5. Тұрмыстық зорлық-зомбылық жасаған кәмелетке толмағандарға қатысты құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шаралары Қазақстан Республикасының тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы заңнамасында белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып қолданылады.

6. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шараларын есепке алу орталық атқарушы органдар белгілеген тәртіппен олардың құзыреті шегінде жүзеге асырылады.

Ескерту. Заң 19-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2010.11.23 N 354-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 01.04.2019 № 240-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-2-бап. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шараларын қолдануға негіздер

1. Кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың жеке профилактикасы шараларын қолдануға мына мән-жайлардың бірі:

1) жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе өтініштері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар;

2) құқық бұзушылық жасау не жасауға әрекет ету фактісін ішкі істер органы қызметкерінің тікелей анықтауы;

3) мемлекеттік органдардан және жергілікті өзін өзі басқару органдарынан түскен материалдар негіз болып табылады.

2. Құқық бұзушылық жасау туралы немесе оны жасау қатері туралы өтініштер мен хабарламаларды мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қарайды.

Ескерту. Заң 19-2-баппен толықтырылды - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен.

19-3-бап. Профилактикалық әңгімелесу

1. Профилактикалық әңгімелесудің негізгі міндеттері құқыққа қарсы мінез-құлықтың себептері мен жағдайларын анықтау, құқық бұзушылықтың әлеуметтік және құқықтық салдарларын түсіндіру және заңға мойынсынушылық мінез-құлықтың қажеттігіне сендіру болып табылады.

2. Профилактикалық әңгімелесуді құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдану құзыретіне жататын кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің мемлекеттік органы мен мекемесінің өкілі құқық бұзушылық жасаған немесе оған қатысты құқық бұзушылықтың жеке профилактикасы шараларын қолдануға негіз бар адаммен өткізеді.

3. Профилактикалық әңгімелесу кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесі мемлекеттік органдарының қызметтік үй-жайларында, сондай-ақ тұратын жері, оқуы, жұмыс орны бойынша не тікелей құқық бұзушылық анықталған жерде өткізіледі және оның ұзақтығы бір сағаттан аспауға тиіс.

4. Профилактикалық әңгімелесу өткізілетін кәмелетке толмаған адамға құқыққа қарсы іс-әрекеттерді тоқтату қажеттілігі туралы ескертіледі.

5. Кәмелетке толмаған адаммен профилактикалық әңгімелесу оның ата-анасының, педагогтарының немесе басқа да заңды өкілдерінің қатысуымен өткізіледі.

Ескерту. Заң 19-3-баппен толықтырылды - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен.

19-4-бап. Құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайларды жою туралы ұсыныс

1. Құқық бұзушылық жасауға итермелейтін себептер мен жағдайлар анықталған жағдайда кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің мемлекеттік органдары тиісті ұйымның басшысына немесе лауазымды адамына оларды жою туралы ұсыныс жібереді.

2. Тиісті ұйымның басшысы немесе лауазымды адамы ұсынысты алған күннен бастап бір ай мерзім ішінде кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің мемлекеттік органдарына ұсынысты қарау нәтижелері мен қолданылған шаралар туралы жазбаша түрде ақпарат беруге міндетті.

Ескерту. Заң 19-4-баппен толықтырылды - ҚР 2010.04.29 № 272-IV Заңымен.

19-5-бап. Профилактикалық есепке алу және бақылау

1. Профилактикалық есепке алу кәмелетке толмағандардың, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-анасының, заңды өкілдерінің мінез-құлқына профилактикалық бақылауды жүзеге асыру мақсатында ақпаратты жинау және тіркеу үшін жүргізіледі.

2. Профилактикалық есепке:

1) өздеріне қатысты қорғау нұсқамасы шығарылған;

2) өздеріне қатысты бос уақытын шектеу және мінез-құлыққа ерекше талаптар белгілеу туралы шешім қабылданған;

3) қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар, қылмыстық жауаптылық басталатын жасқа толмауына байланысты қылмыстық жауаптылыққа жатпайтын іс-әрекеттер жасаған;

4) өздеріне қатысты қамаққа алумен байланысты емес бұлтартпау шаралары таңдап алынған, қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп айыпталған немесе күдік келтірілген;

5) жазасын өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған;

6) шартты түрде сотталған, қоғамдық жұмыстарға тартылуға сотталған, түзету жұмыстарына, бас бостандығынан айырумен байланысты емес өзге де жаза түрлеріне сотталған;

7) қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінен босатылған кәмелетке толмағандар, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдары мен ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарының түлектері қойылады.

3. Профилактикалық есепке кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-анасы, заңды өкілдері қойылады.

4. Профилактикалық есепке алуды ішкі істер органдары жүргізеді.

5. Профилактикалық бақылау профилактикалық есепте тұрған кәмелетке толмағандардың, кәмелетке толмағандарды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ олардың мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмағандардың ата-анасының, заңды өкілдерінің мінез-құлқын жүйелі түрде байқауды қамтиды.

6. Мүдделі тұлғалар профилактикалық есепке қоюға Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасай алады.

7. Ішкі істер органдары кәмелетке толмаған адамды, кәмелетке толмаған адамды тәрбиелеу, оқыту және (немесе) бағып-күту жөніндегі өз міндеттерін орындамайтын, сондай-ақ оның мінез-құлқына теріс әсер ететін кәмелетке толмаған адамның ата-анасын, заңды өкілін профилактикалық есепке қою туралы шешім шығарылған күні не соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде профилактикалық есепке қойылғаны туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

8. Профилактикалық бақылау профилактикалық есепке алу қолданылатын мерзім ішінде жүзеге асырылады. Профилактикалық бақылау қолданылатын мерзім

өткеннен кейін адам профилактикалық есептен шығарылып, бұл жөнінде жазбаша нысанда хабардар етіледі.

9. Профилактикалық есепке алуда қамтылатын мәліметтер тек қана кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы жөніндегі міндеттерді шешу шегінде пайдаланылуы мүмкін.

10. Профилактикалық есепке алуды жүргізу Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

Ескерту. 19-5-бап жаңа редакцияда - ҚР 05.07.2014 № 236-V Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

19-6-бап. Медициналық-әлеуметтік есепке алу

1. Медициналық-әлеуметтік есепке алуды жүргізу өздеріне қатысты жеке профилактика шаралары жүргізілетін адамдарға медициналық, психологиялық, әлеуметтік көмек көрсету, оларды бейімдеу және оңалту мақсатында жүзеге асырылады.

2. Медициналық-әлеуметтік есепке алуды жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

Ішкі істер органдарының есепке алу туралы хабарламасы медициналық-әлеуметтік есепке қоюға негіз болып табылады.

3. Медициналық-әлеуметтік есепке алу адам өмірлік қиын жағдайдан шыққанға дейін, бірақ кемінде жеке профилактика шараларын жүргізу кезеңіне жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тарау 19-6-баппен толықтырылды - ҚР 01.04.2019 № 240-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20-бап. Жеке профилактикасы шараларын жүргізудің негіздері

Егер осы Заңның 19-бабында көзделген мән-жайлар мынадай құжаттарда:

- 1) соттың үкімінде, ұйғарымында немесе қаулысында;
- 2) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның, прокурордың, тергеушінің, анықтау органының қаулысында;
- 3) шағымдарды, өтініштерді немесе басқа да хабарларды тексерудің нәтижелері бойынша кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесі органының немесе мекемесінің басшысы бекіткен қорытындыда;
- 4) кәмелетке толмағанның не оның ата-анасының немесе заңды өкілдерінің кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасын жүзеге асыратын органдардың, мекемелер мен

өзге де ұйымдардың құзыретіне қатысты мәселелер бойынша оларға көмек көрсету туралы өтініштерінде ресми көрсетілген болса, олар кәмелетке толмағандарға, олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартып жүрген өзге де адамдарға қатысты жеке профилактикасы шараларын жүргізудің негіздері болып табылады.

Ескерту. 20-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.10 [N 176-IV Заңымен](#).

21-бап. Жеке профилактикасы шараларын жүргізу мерзімдері

Кәмелетке толмағандарға олардың ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартып жүрген өзге де адамдарға қатысты жеке профилактикасы шаралары кәмелетке толмағандарға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету үшін қажетті мерзімде немесе кәмелетке толмағандардың қадағалаусыз, панасыз қалуына, құқық бұзушылықтар немесе қоғамға жат іс-әрекет жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жойғанға дейін немесе олар он сегіз жасқа толғанға дейін немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да мән-жайлар туындағанға дейін жүргізіледі.

Ескерту. 21-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.10 [N 176-IV Заңымен](#).

22-бап. Өздеріне қатысты жеке профилактика шаралары қолданылатын адамдардың құқықтары

1. Өздеріне қатысты жеке профилактика шаралары қолданылатын кәмелетке толмағандар, олардың ата-аналары немесе заңды өкілдері, сондай-ақ өзге де адамдар Қазақстан Республикасының Конституциясында, осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінде кепілдік берілген құқықтармен және бостандықтармен қамтамасыз етіледі.

2. Арнаулы білім беру ұйымдарында, ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарында және Кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарында ұсталушы кәмелетке толмағандардың осы баптың 1-тармағында аталған құқықтармен қатар, белгіленген тәртіппен:

1) өздерінің арнаулы мекемелер мен ұйымдарға орналастырылғандары туралы ата-аналарына немесе заңды өкілдеріне хабарлауға;

2) кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтар, қадағалаусыз және панасыз қалу профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелерінің жұмыскерлері қабылдаған шешімдерге көрсетілген жүйенің жоғары тұрған органдарына, сондай-ақ прокуратура органдарына, сотқа Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

3) өзінің құқықтары мен міндеттері, ұстау режимі мен тәртіптік талаптар туралы ақпарат алуға;

4) арнаулы мекемелер мен ұйымдарда, сондай-ақ олардың орналасқан жеріне, тұрғылықты жеріне не тұрмыстық орналасатын жеріне бара жатқандағы жеке қауіпсіздігіне;

- 5) ізгілікті, адамның ар-намысын кемсітпейтін қарым-қатынас жасалуына;
- 6) саны шектелмеген телефонмен сөйлесулер және кездесулер арқылы отбасымен байланыс жасап тұруға, саны шектелмеген жөнелтімдер, бандеролдар, сәлемдемелер алуға және хаттар мен жеделхаттар алуға және жіберуге;
- 7) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен нормалар бойынша тегін тамақпен, киіммен, аяқ киіммен және басқа да заттай ризықпен қамтамасыз етілуге;
- 8) ата-анасымен не олардың орнындағы адамдармен, туысқандарымен және өзге де адамдармен кездесуге;
- 9) түнгі уақытта сегіз сағат ұйықтауға, ал үштен жеті жасқа дейінгі балалардың күндізгі уақытта қосымша екі сағат ұйықтауға;
- 10) ұзақтығы кемінде екі сағат күнделікті серуендеуге;
- 11) арнаулы білім беру ұйымдарында және ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымдарында болу кезеңінде бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім алуға;
- 12) арнаулы мекемелерде белгіленген ішкі тәртіп қағидаларының және ұстау режимінің сақталуы шартымен діни жоралар жасауға;
- 13) арнаулы мекемелер мен ұйымдарда бар әдебиеттер мен мерзімді баспасөз басылымдарын пайдалануға;
- 14) Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес азаматтық-құқықтық қатынастарға қатысуға;
- 15) өндірістік практика кезеңінде атқарған жұмысы үшін ақшалай сыйақы алуға;
- 16) қажетті психологиялық көмек алуға құқығы бар.

Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 [N 375-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2014 [№ 236-V](#) (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.06.2020 [№ 351-VI](#) (01.07.2021 бастап [қолданысқа](#) енгізіледі) Заңдарымен.

22-1-бап. Кәмелетке толмағандардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Кәмелетке толмағанның өмірі мен денсаулығы үшін қатер төнген кезде арнаулы мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлері оның жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды шұғыл қабылдауға міндетті.

Ескерту. Заң 22-1-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 [N 375-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-2-бап. Қорғаушыларымен, туысқандарымен және өзге адамдармен кездесулер

1. Кәмелетке толмағандар арнаулы мекемелер мен ұйымдарға орналастырылған кезден бастап оларға қорғаушысымен оңаша және жасырын кездесуге мүмкіндік беріледі.

2. Кездесулер арнаулы мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің бақылауымен жүзеге асырылады. Кәмелетке толмаған адамға тыйым салынған нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін не қылмыстық құқық бұзушылық жасауға ықпал етуі мүмкін мәліметтер беруге әрекет жасалған жағдайда, кездесулер мерзімінен бұрын тоқтатылады.

3. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының шешімі бойынша шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдіктерінің ресми өкілдерінің өзі өкілі саналатын мемлекеттің азаматы болып табылатын шетелдік кәмелетке толмағанға баруға құқығы бар.

Ескерту. Заң 22-2-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 [N 375-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 03.07.2014 [№ 227-V](#) (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-3-бап. Хат-хабар алмасу

1. Кәмелетке толмағандарға туысқандарына және өзге де адамдарға саны шектелмеген хат немесе жеделхат алуға, жіберуге рұқсат етіледі.

2. Кәмелетке толмағандардың хат-хабар алмасуы арнаулы мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігі арқылы ғана жүзеге асырылады.

3. Арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталушы кәмелетке толмағандардың атына келіп түскен хаттарды тапсыруды, сондай-ақ оның хаттарын адресаттарға жіберуді арнаулы мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігі мереке және демалыс күндерін қоспағанда, хат келіп түскен немесе оны кәмелетке толмаған тапсырған күннен бастап үш күн мерзімнен кешіктірмей жүргізеді.

4. Жақын туысқанының қайтыс болуы немесе ауыр сырқаттануы туралы мәліметтер кәмелетке толмағанға олар алынысымен дереу хабарланады.

5. Арнаулы мекемелер мен ұйымдардан кеткеннен кейін кәмелетке толмағанның атына келген хаттар алынғаннан кейін үш күн мерзімнен кешіктірілмей, оның кеткен жеріне жіберіледі.

Ескерту. Заң 22-3-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 [N 375-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-4-бап. Өтініштерді жіберу

1. Кәмелетке толмағандардың мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, қоғамдық бірлестіктер мен бұқаралық ақпарат құралдарына жазған өтініштері арнаулы мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігі арқылы жіберіледі.

2. Сотқа, прокуратура органдарына және мемлекеттік органдарға жазылған өтініштерді арнаулы мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігі жиырма төрт сағаттан кешіктірмей адресатқа жібереді.

3. Өтініштерге келген жауаптар кәмелетке толмағандарға қолхат ала отырып хабарланады және жеке ісіне тігіледі.

4. Құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына байланысты жазған өтініштері үшін кәмелетке толмағандарды кез келген нысанда қудалауға жол берілмейді. Мұндай қудалауға кінәлі арнаулы мекемелер мен ұйымдардың лауазымды тұлғалары Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ескерту. Заң 22-4-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 [N 375-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-5-бап. Тамақтану, тамақ өнімдерін және бірінші кезектегі қажеттілік заттарын сатып алу

1. Арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталушы кәмелетке толмағандар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын нормалар бойынша тамақпен, киіммен, аяқ киіммен және жұмсақ мүкәммалмен қамтамасыз етіледі.

РҚАО-ның ескертпесі!

2-тармақ жаңа редакцияда көзделген - ҚР 03.07.2014 [№ 227-V](#) Заңымен (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Тамақтану ойын және жатын бөлмелерден бөлек үй-жайларда (асханаларда) жүзеге асырылады.

3. Арнаулы мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігі кәмелетке толмағандарға гигиена, санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келетін жағдайлар жасауға міндетті.

4. Арнаулы мекемелер мен ұйымдар кәмелетке толмағандарға арналған, гигиена, санитария және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай келетін, сондай-ақ арнаулы мекемелер мен ұйымдардан кәмелетке толмағандардың өз бетімен кетіп қалу жағдайларын болғызбайтын ойын залдарымен, жатын үй-жайлармен, тамақтануға арналған үй-жайлармен, оқу сыныбымен және серуендеу аулаларымен жарақтандырылуға тиіс.

5. Кәмелетке толмағандар оқу құралдарымен, әдебиетпен, кеңсе заттарымен және міндетті орта білім алу үшін қажетті басқа құралдармен қамтамасыз етіледі.

Ескерту. Заң 22-5-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 [N 375-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-6-бап. Медициналық-санитариялық қамтамасыз ету

1. Арнаулы мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігі белгіленген санитариялық-гигиеналық және эпидемияға қарсы талаптардың сақталуын, кәмелетке толмағандардың денсаулығын қорғауды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Кәмелетке толмағандарға медициналық, оның ішінде психиатриялық көмек көрсетуді арнаулы мекемелер мен ұйымдардың медицина қызметкерлері жүзеге асырады.

3. Ауруханаға жатқызу қажеттілігі анықталған кезде кәмелетке толмаған тиісті медициналық ұйымға жіберіледі.

4. Кәмелетке толмағандар дене жарақатын алған жағдайда куәландыруды арнаулы мекемелер мен ұйымдардың медицина қызметкерлері шұғыл жүргізеді. Медициналық куәландыру нәтижелері белгіленген тәртіппен тіркеледі және жәбірленушіге, аумақтық қорғаншы және қамқоршы органға немесе ата-анасына не оларды алмастыратын адамдарға хабарланады. Арнаулы мекемелер мен ұйымдар әкімшілігінің немесе орган басшысының шешімі бойынша куәландыруды медициналық ұйымдардың қызметкерлері жүргізеді.

5. Кәмелетке толмаған ауыр сырқаттанған не қайтыс болған жағдайда арнаулы мекемелер мен ұйымдардың әкімшілігі бұл туралы жақын туысқандарына, прокуратура органдарына, аумақтық қорғаншы және қамқоршы органға хабарлайды. Қайтыс болған адамның мәйіті патологиялық-анатомиялық зерттеуден, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген іс-әрекеттер жүргізілгеннен кейін оны сұраған адамдарға беріледі.

Қайтыс болып, мәйіті сұралмаған кәмелетке толмағанды жерлеу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6. Кәмелетке толмағанның қайтыс болуы мүмкін ауыр науқасы байқалған жағдайда медициналық қорытынды болса арнаулы мекемелер мен ұйымдар әкімшілігінің кәмелетке толмағанды ұстау режимін өзгерту туралы, сондай-ақ емдеуден өту үшін оны денсаулық сақтау ұйымына жіберу туралы мәселе қоюға құқығы бар.

Ескерту. Заң 22-6-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 [N 375-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-7-бап. Арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталушы кәмелетке толмағандардың міндеттері

1. Арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталушы кәмелетке толмағандар:

1) осы Заңда және ішкі тәртіп қағидаларында белгіленген арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұстау режимін сақтауға;

2) арнаулы мекемелер мен ұйымдар әкімшілігінің заңды талаптарын орындауға;

3) гигиена және санитария талаптарын сақтауға;

4) өз өміріне және басқа адамдардың денсаулығына қауіп төндіретін қасақана іс-әрекеттер жасамауға;

5) арнаулы мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің ар-намысын қорлайтын іс-әрекеттер жасамауға;

6) арнаулы мекемелер мен ұйымдар қызметкерлеріне өз қызметтік міндеттерін атқаруына кедергі келтірмеуге;

7) өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтауға;

8) арнаулы мекемелер мен ұйымдардың мүлкіне ұқыпты қарауға;

9) оқу сабақтарына баруға міндетті.

2. Арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталатын кәмелетке толмағандарға адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін немесе қылмыстық құқық бұзушылық қаруы ретінде не кәмелетке толмағандарды осы мекемелерде ұстау мақсаттарына кедергі келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін нәрселерді, заттарды және тамақ өнімдерін өзімен бірге ұстауына тыйым салынады.

3. Кәмелетке толмағандарды оқу-тәрбие процесіне және әлеуметтік оңалтуға байланысты емес іс-шараларға тартуға тыйым салынады.

Ескерту. Заң 22-7-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 [N 375-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 03.07.2014 [№ 227-V](#) (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

22-8-бап. Арнаулы мекемелер мен ұйымдарда ұсталушы кәмелетке толмағандарға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану

1. Арнаулы мекемелер мен ұйымдарда мынадай көтермелеу шаралары белгіленеді:

1) ауызша немесе бұйрықпен алғыс жариялау, ол кәмелетке толмағанның жеке ісіне тігіледі;

2) бұрын тағайындалған жазаны мерзімінен бұрын алу;

3) грамотамен марапаттау;

4) Құрмет тақтасына енгізу;

5) тәрбиеленушінің жақсы мінез-құлқы мен оның оқудағы және еңбектегі жетістіктері туралы ата-анасына, олардың орнындағы адамдарға не бұрын оқыған жеріне хабарлау;

6) үздік сыныпқа немесе топқа жалауша, грамота беру;

7) "Үздік маман" атағын беру.

2. Режимді және ішкі тәртіп қағидаларын бұзғаны үшін кәмелетке толмағандарға мынадай жазалау шаралары қолданылуы мүмкін:

1) ескерту;

2) ауызша немесе бұйрықпен сөгіс жариялау, ол кәмелетке толмағанның жеке ісіне тігіледі;

3) кәмелетке толмағандардың, топтың немесе сыныптың жалпы жиналысында, ерекше ұстау режиміндегі білім беру ұйымының не арнаулы білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде талқылау.

Ескерту. Заң 22-8-баппен толықтырылды - ҚР 2010.12.29 [N 375-IV](#) (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

23-бап. Осы Заңның орындалу кепілдіктері

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы жүйесінің органдары мен мекемелері өз құзыреті шегінде кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етуге, оларды кемсітудің барлық нысандарынан, күш көрсетуден немесе психикалық зорлықтан, қорлаудан, дәрекі қарым-қатынастан, сексуалдық және өзге де пайдаланудан қорғауды жүзеге асыруға, өмірде қиын жағдайға душар болған кәмелетке толмағандарды және тұрмысы қолайсыз отбасыларды анықтауға, сондай-ақ мыналарға:

1) прокуратура органдарына - кәмелетке толмағандардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуы туралы;

2) кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияларға - кәмелетке толмағандардың білім алуға, еңбек бостандығына, демалуға, тұрғын үйге және басқа да құқықтарының бұзылу жағдайлары туралы, сондай-ақ органдар мен мекемелердің қызметтеріндегі кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың, қадағалаусыз және панасыз қалудың алдын алуға кедергі жасайтын кемшіліктер туралы;

3) қорғаншы және қамқоршы органдарына - ата-аналарының немесе заңды өкілдерінің қамқорлығынсыз қалған не өміріне, денсаулығына қауіп төндіретін немесе тәрбиесіне кедергі келтіретін жағдайда қалған кәмелетке толмағандар туралы;

4) ішкі істер органдарына - қадағалаусыз және панасыз қалған кәмелетке толмағандар, тұрмысы қолайсыз отбасылар, құқық бұзушылық немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасаған (жасап жүрген) кәмелетке толмағандар, сондай-ақ кәмелетке толмағандарды қылмыстық қызмет немесе қоғамға жат іс-әрекеттер жасауға тартып жүрген немесе оларға қатысты басқа да құқыққа қарсы іс-әрекеттер жасап жүрген ата-аналар мен өзге де ересек адамдар туралы;

5) денсаулық сақтау органдарына - адамның психикалық және дене мүшелерінің функциялары мен мінез-құлқына теріс әсерін тигізетін алкогольдік ішімдіктерді, есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді теріс пайдалануына байланысты тексерілуге, қаралуға немесе емделуге мұқтаж кәмелетке толмағандар туралы;

б) білім беру органдарына - балалар үйлерінен, мектеп-интернаттардан және басқа да балалар мекемелерінен өз еріктерімен кетуіне байланысты не дәлелсіз себептермен жалпы білім беру орындарындағы оқуларының тоқтатылуына байланысты мемлекеттің көмегіне мұқтаж кәмелетке толмағандар туралы дереу хабарлауға міндетті.

Ескерту. 23-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.10 [N 176-IV](#); 07.07.2020 [№ 361-VI](#) (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-бап. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасын жүзеге асыратын органдардың, мекемелер мен өзге де ұйымдардың қызметін бақылау

Мемлекеттік органдар өз құзыреті шегінде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасын жүзеге асыратын ведомстволық бағыныстағы органдардың, мекемелер мен өзге де ұйымдардың қызметін Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен бақылауды жүзеге асырады.

25-бап. Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы туралы заңдарын бұзғандық үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, қадағалаусыз және панасыз қалудың профилактикасы туралы заңдарын бұзуға кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауаптылықта болады.

4-тарау. Ұлттық алдын алу тетігі

Ескерту. Заң 4-тараумен толықтырылды - ҚР 02.07.2013 [№ 111-V](#) Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26-бап. Ұлттық алдын алу тетігі

1. Ұлттық алдын алу тетігі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметі арқылы жұмыс істейтін, азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жүйесі түрінде қолданылады.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз қызметі шеңберінде кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына, арнаулы білім беру ұйымдарына, ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына және осы қатысушылардың баруы (бұдан әрі - алдын ала бару) үшін Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалатын өзге де ұйымдарға барады.

3. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл, сондай-ақ Үйлестіру кеңесі іріктейтін, азаматтардың құқықтарын, заңды мүдделерін қорғау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын қоғамдық байқаушы комиссиялардың және қоғамдық бірлестіктердің мүшелері, заңгерлер, әлеуметтік қызметкерлер, дәрігерлер ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары болып табылады.

4. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қызметін үйлестіреді, ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қажетті әлеуеті мен кәсіптік білімін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шаралар қолданады.

5. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу бойынша шығыстарын өтеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2019 № 240-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27-бап. Үйлестіру кеңесі

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қызметін тиімді үйлестіруді қамтамасыз ету мақсатында Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанынан Үйлестіру кеңесі құрылады.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілді қоспағанда, Үйлестіру кеңесінің мүшелерін Адам құқықтары жөніндегі уәкіл құратын комиссия Қазақстан Республикасы азаматтарының қатарынан сайлайды.

2. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл:

Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің жанындағы Үйлестіру кеңесі туралы ережені;

ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларын іріктеу тәртібін;

алдын ала болу үшін ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан топтар құру тәртібін;

алдын ала болу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды;

алдын ала болу қорытындылары бойынша жыл сайынғы жинақталған баяндаманы дайындау тәртібін бекітеді.

3. Үйлестіру кеңесі Біріккен Ұлттар Ұйымы Азаптауға қарсы комитетінің Азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу жөніндегі кіші комитетімен өзара іс-қимыл жасайды.

28-бап. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына қойылатын талаптар

1. Мынадай:

- 1) заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған соттылығы бар;
- 2) қылмыстық құқық бұзушылықтар жасады деп күдік келтірілген немесе айыпталған;
- 3) сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі деп таныған адамдар;
- 4) судьялар, адвокаттар, мемлекеттік қызметшілер және әскери қызметшілер, сондай-ақ құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлері;
- 5) психиатрда және (немесе) наркологта есепте тұратын адамдар ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

2. Қасақана қылмыс жасағаны үшін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде қылмыстық жауаптылықтан босатылған; теріс себептер бойынша мемлекеттік немесе әскери қызметтен, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардан, соттардан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған; адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айырылған адамдар да ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары бола алмайды.

Ескерту. 28-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 01.04.2019 № 240-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

29-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының құқықтары

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы:

- 1) алдын ала баруға жататын ұйымдарда ұсталатын адамдардың саны, осындай ұйымдардың саны және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алуға;
- 2) алдын ала баруға жататын ұйымдарда ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жасауға, сондай-ақ оларды ұстау жағдайларына қатысты ақпаратқа қол жеткізе алуға;
- 3) алдын ала баруды құрылған топтардың құрамында белгіленген тәртіппен жүзеге асыруға;
- 4) алдын ала баруға жататын ұйымдарда ұсталатын адамдармен және (немесе) олардың заңды өкілдерімен куәларсыз, жеке өзі немесе қажет болған кезде аудармашы арқылы, сондай-ақ ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының пікірі бойынша тиісті ақпарат бере алатын кез келген басқа адаммен әңгімелесулер өткізуге;

5) алдын ала баруға жататын ұйымдарды кедергісіз таңдауға және оларда болуға;

б) азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы хабарламалар мен шағымдарды қабылдауға құқылы.

2. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушысы заңды қызметін жүзеге асырған кезде тәуелсіз болып табылады.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2019 № 240-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

30-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының міндеттері

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары өз өкілеттіктерін атқару кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауға міндетті.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала баруға жататын ұйымдардың қызметіне араласуына жол берілмейді.

3. Алдын ала болу жөніндегі топқа кіретін ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының турашылдығына күмән туғызатын мән-жайлар болған кезде, ол алдын ала болуға қатысудан бас тартуға міндетті.

4. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы қабылданатын хабарламалар мен шағымдарды Адам құқықтары жөніндегі уәкіл айқындайтын тәртіппен тіркеуге міндетті.

Қабылданған хабарламалар мен шағымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің қарауына беріледі.

Қабылданған және берілген хабарламалар мен шағымдар туралы ақпарат алдын ала болу нәтижелері жөніндегі есепке енгізіледі.

5. Осы Заңның ережелерін бұзған ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

Ескерту. 30-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2019 № 240-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

31-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының өкілеттіктерін тоқтату

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушысының өкілеттіктері:

1) осы Заңның ережелері бұзылған;

- 2) өз өкілеттіктерін доғару туралы жазбаша өтініш берілген;
- 3) ол қайтыс болған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- 4) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрақты тұруға кеткен;
- 5) Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан;
- 6) соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;
- 7) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайлар басталған кезде тоқтатылады.

32-бап. Алдын ала болудың түрлері мен кезеңділігі

1. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болуы мыналарға бөлінеді:

1) төрт жылда кемінде бір рет, ұдайы негізде жүргізілетін кезеңдік алдын ала болу;

2) алдыңғы кезеңдік алдын ала болу нәтижелері бойынша ұсынымдарды іске асыру мониторингі, сондай-ақ ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары әңгімелесулер өткізген адамдарды алдын ала болуға жататын мекемелер мен ұйымдардың әкімшіліктері тарапынан қудалаудың алдын алу мақсатында кезеңдік алдын ала болулар аралығындағы кезеңде жүргізілетін аралық алдын ала болу;

3) азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің қолданылғаны туралы келіп түскен хабарламалардың негізінде жүргізілетін арнаулы алдын ала болу.

2. Үйлестіру кеңесі бөлінген бюджет қаражаты шегінде алдын ала бару мерзімдерін және алдын ала баруға жататын ұйымдардың тізбесін айқындайды.

Ескерту. 32-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2019 № 240-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

33-бап. Алдын ала болу тәртібі

1. Алдын ала болуды Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің келісуі бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін қағидаларға сәйкес Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларынан құратын топтар жүргізеді.

2. Алдын ала болу үшін топтар құру кезінде ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының ешқайсысын тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, наньмына, тұрғылықты жеріне қатысты себептер бойынша немесе кез келген өзге де мән-жайлар бойынша қандай да бір кемсітуге болмайды.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз ету алдын ала баруға жататын ұйымдардың әкімшілігіне жүктеледі. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының құқыққа сыйымсыз әрекеттері орын алған жағдайда, алдын ала баруға жататын ұйымдар әкімшілігінің басшысы Адам құқықтары жөніндегі уәкілді жазбаша хабардар етеді.

4. Әрбір алдын ала болудың нәтижелері бойынша топтың атынан Үйлестіру кеңесі бекіткен нысанда жазбаша есеп жасалады, оған алдын ала болуды жүзеге асырған топтың барлық мүшелері қол қояды. Ерекше пікірі бар топ мүшесі оны жазбаша түрде ресімдейді және есепке қоса береді.

Ескерту. 33-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2019 № 240-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

34-бап. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы

1. Үйлестіру кеңесі ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын олардың алдын ала болу нәтижелері бойынша есептерін ескере отырып дайындайды.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына:

уәкілетті мемлекеттік органдарға алдын ала баруға жататын ұйымдарда ұсталатын адамдармен қарым-қатынас жағдайларын жақсарту және азаптаудың және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерінің алдын алу бойынша ұсынымдар;

Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру бойынша ұсыныстар да енгізіледі.

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасына өткен жылғы алдын ала болу жөніндегі қаржылық есеп қоса беріледі.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасы қарау үшін уәкілетті мемлекеттік органдарға жіберіледі және оны Үйлестіру кеңесі бекіткен күннен бастап бір айдан кешіктірмейтін мерзімде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің интернет-ресурсында орналастырылады.

Ескерту. 34-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 01.04.2019 № 240-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

35-бап. Құпиялылық

1. Ұлттық алдын алу тетігінің қатысушылары алдын ала болу барысында адамның жеке өмірі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді осы адамның келісуінсіз жария етуге құқылы емес.

2. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала болу барысында адамның жеке өмірі туралы өздеріне белгілі болған мәліметтерді осы адамның келісуінсіз жария етуі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

36-бап. Уәкілетті мемлекеттік органдардың ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларымен өзара іс-қимылы

1. Мемлекеттік органдар және олардың лауазымды адамдары ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына өздерінің заңды қызметін жүзеге асыруына жәрдем көрсетеді.

Бірде-бір мемлекеттік орган немесе лауазымды адам азаптауды және басқа да қатыгез, адамгершілікке жатпайтын немесе ар-намысты қорлайтын іс-әрекеттер мен жазалау түрлерін қолдану фактілері туралы ұлттық алдын алу тетігінің қатысушыларына хабарлағаны үшін азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге құқылы емес.

Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының заңды қызметіне кедергі келтіретін лауазымды адамдар Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылықта болады.

2. Уәкілетті мемлекеттік органдар ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының жыл сайынғы жинақталған баяндамасын алған күннен бастап үш ай ішінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілді алынған баяндамаларды қарау нәтижелері бойынша қолданылған шаралар туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

3. Ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының алдын ала барудың нәтижелері бойынша есептері негізінде Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған лауазымды адамға қатысты тәртіптік немесе әкімшілік іс жүргізуді қозғау не сотқа дейінгі тергеу жүргізу туралы етінішхатпен жүгінуге құқығы бар.

Ескерту. 36-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Қазақстан Республикасының
Президенті